

Гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің мақсаты:

Бәсекеге қабылетті маман даярлауда гуманитарлық пәндерді оқыту сапасын арттыру, инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігін арттыру.



Бірлестіктің құрамы:

№	Аты-жөні	Туған жылы	Білімі	Сана ты	Еңбек өтілі	Мамандығы	Аттест өткен уақыт	Қа шан өтеді
1	Нуркенова А.С	08.01.71	жоғары	Жоғары	25	Қазақ тілі және әдебиеті	2014	2019
2	Қонарбаев Д.А.	13.02.83	жоғары	I	10	Тарих, құқық, экономика негіздері	2017	2022
3	Сабиева Л.Т.	28.06.71	жоғары	I	21	Қазақ тілі және әдебиеті	2013	2018
4	Нигметулла Е.Н.	25.01.87	жоғары	II	10	психология	2016	2021
5	Делегеева Ж.А.	23.10.83	жоғары	I	12	Ағылшын тілі	2017	2022
6	Байжуманова Г.А.	06.03.84	жоғары	II	9	Тарих, құқық, дж тарихы	2015	2020
7	Исаханова Г.	06.04.55	жоғары	-	44	Орыс тілі және әдебиеті	-	-
8	Толлеуова Г. К.	25.04.74	жоғары	I	14	Орыс тілі және әдебиеті	2015	2020

Әдістемелік бірлестік «Бәсекеге қабылетті маман даярлауда гуманитарлық пәндерді оқыту сапасын арттыру, инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігін арттыру» атты өзекті тақырыбымен жұмыс жасайды. Гуманитарлық пәндер бірлестігінің құрамында **8** мұғалім бар. Барлық мұғалімдер жоғары білімді.

Жоғары санатты мұғалімдер саны: 1

I - санатты мұғалімдер саны: 4

II – санатты мұғалімдер саны: 2

Санаты жоқ мұғалімдер саны: 1

2017-2018 оқу жылына арналған бірлестіктің жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Жоспар бойынша бірлестік мүшелерінің қатысуымен әдістемелік отырыстар өткізілді. Әдістемелік отырыста жаңа оқу жылына міндеттер қабылдау, оқу жұмыс бағдарламалары, күнтізбелік- тақырыптық жоспарларын бекіту, апталықтар өткізу мен талдау, озық тәжірибе тарату, әдістемелік оқу құралдарын талдау, бекіту және басқа да күн тәртібіндегі мәселелер қаралды.

2017 жылдың 18 -25 қыркүйек аралығында ҚР Тілдер мерекесі күніне орай «Тіл-ұлттың жаны» атты тілдер апталығы өткізілді. Жоспар бойынша 19 қыркүйекте іс-шараның ашылуына арналған салтанатты жиынды Г.Толеева өткізді.



19.09 күні Бірлестік мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Тілдер әлемінде» атты қабырға газеттерінің сайысы өткізілді. Сайысқа әр топтан бір қабырға газеті дайындалып, тақырыпқа сай, эстетикалық талғаммен, ерекше шығармашылықпен әзірленген газеттер таңдап алынды.

20.09 күні А.Нүркенова «Поэзия сәттері» көркем сөз оқу сайысын ұйымдастырып, өткізді. Сайысқа әр топтан бір студент қатысып, өлең жолдарын нақышына келтіріп, мәнерлеп, саналы түсініп оқуға машықтанған студенттер марапатталды.



21.09 күні Ж.Делегеева студенттердің өз елінің және өзге ұлттардың дәстүрі мен тарихына, мәдениеті мен әдебиетіне көз жүгірту, өз мамандықтарына

деген сүйіспеншіліктерін арттыра отырып, ағылшын, орыс және қазақ тіліндегі білімдерін саралау мақсатында «We learn English» атты зияткерлік сайысын ұйымдастырып, өткізді. Сайысқа колледж студенттерінен құралған «Erudite», «Future», «Intelligence Academy», «Veterinarians» топтары қатысты. Сайыс алты кезеңде ұйымдастырылды. Әр кезеңде қатысушыларға үш тілді жетік меңгеру, шешендік өнер, тыңдарманды баурап алу, өзін-өзі ұстай білу, тапқырлық, шапшаңдық талаптары қойылып, түрлі тапсырмалар берілді. Сайыс соңында үздік топ анықталды.



22.09 күні Л.Сабиева студенттерге ана тілінің қадір - қасиетін ұғындыра отырып, елін - жерін сүйетін, егеменді еліміздің ертеңі болар саналы, білімді, ұлтжанды азамат тәрбиелеу мақсатында «Тіл ұлттың жаны» атты әдеби-сазды кеш өткізді. Шара барысында «Қазақ тілі», «Анам тілі», «Тіл жайында» атты өлең жолдары оқылды.

25.09. Тілдер мерекесіне арналған апталықтың салтанатты жабылуы өткізіліп, апталыққа қатысқан студенттермен, сайыстардың жеңімпаздары марапатталды.

Гуманитарлық пәндер апталығы «**Рухани жаңғыру**» бағдарламасы аясында **26.02.2018-3.03.2018** аралығында «**Тәуелсіздік –тарихым, туған тілім айбыным!**» тақырыбында өтті. **Апталықтың алдына қойған мақсаты** -тіл мен тарихтың ажырамас бірлігін көрсете отырып, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру; бейбітшілікті, ұлттық татулықты ту ету, мақтанышына сүйсіндіру арқылы студенттердің іздену мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Жыл көлемінде бірлестік оқытушылары пән бойынша олимпиада, семинар, конференцияларға қатысып, тәжірибелерін таратты. Атап айтқанда, 2018 жылдың 8 желтоқсанда “Семей құрылыс колледжі” КМҚК “Рухани жаңғыру аясында” өткен облыстық семинарға қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушылар А.Нуркенова, Л.Сабиева «Халықтың рухани жаңғыруымен Абай ілімі тығыз байланысты» тақырыбында баяндама жасап, тәжірибе таратып, алғыс хатпен сертификатпен марапатталды.

26.02 апталықтың салтанатты ашылуы өтті, қатысушылар апталық жоспарымен танысып тапсырмалар алды.



26.02 күні тарих пәнінің оқытушылары Д. Қонарбаев пен Г.Байжуманованың ұйымдастыруымен «Білімді мыңды жығар!» тақырыбында тарих пәнінен интеллектуалды сайыс өтті. Ойын кезінде тарих құндылықтарына шолу жасалынды, сайыс патриоттық сезім тәрбиелеуде көп әсерін тигізді.



27.02 күні Д.Қонарбаев, А.Нуркенова, Л.Сабиевалардың ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Тәуелсіздік –тарихым, туған тілім айбыным!» тақырыбында қабырға газеттерінің сайысы өткізілді. Сайысқа әр топтан бір қабырға газеті дайындалып, тақырыпқа сай, эстетикалық талғаммен, ерекше шығармашылықпен әзірленген газеттер таңдап алынды

27.02 күні ағылшын пәні оқытушысы Ж.Делегеева полиглот сайысын өткізді. Студенттер үш тілді жақсы дәрежеде білетінін көрсетіп, келешекте тілдерді білудің маңыздылығын түсінді.



28.02. күні студенттер, оқытушылар, аудандық «Достық» газетінің тілшісінің қатысуымен қазақ тілі пәнінің оқытушысы А.Нуркенова «Латын

әліпбиіне көшу-заман талабы» тақырыбында пікір-талас өткізді. Кездесу кезінде латын графикасына көшудің маңыздылығы атап айтылды.



1.03 күні «Шын жүректен алғыс айтамыз!» атты мерекелік шара өтті. Оны орыс тілі пәні оқытушысы Г.Толеуова мен оқыту шебері А.Жапышева ұйымдастырып өткізді. Ата-аналар, студенттер колледж ұстаздарына алғыстарын білдіріп концерттік бағдарлама көрсетті.



Апталық «Ұлт тілін ұлықтаған тарлан ақын» тақырыбында әдеби-сазды кешпен аяқталды. Кеште қазақтың салт-дәстүрлері- бата жасау, нақыл сөздерді айту, мақал-мәтел айту жарыс кезеңдері және «Отырар тарихы» көрінісі көрсетілді. Шараны қазақ тілі мен әдебиет пәні оқытушысы Л.Сабиева ұйымдастырып, өткізді.



Қорытындылай келе, гуманитарлық пәндер бірлестігі ҚР Президентінің үш тұғырлы тілді қолдау саясатын кеңінен тарату мақсатында студенттердің ой-өрісін, сөйлеу мәнерін дамыту, тілдік қорын молайту, қазақ тілін жетік біліп, өзге тілдерді меңгерту жолында зияткерлік сайыстар, әдеби-сазды кештер, ашық сабақтар ұйымдастырып, өткізді. Биылғы жылда анықталған кемшіліктерді алдын алу үшін келесі оқу жылына жаңа міндеттер

жоспарладық. Бірлестіктің жылдық жұмысы қорытындыланып, «Жақсы» деп бағаланды.